

"Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 6 желтоқсандағы № 23/2 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 6 қарашадағы № 33/3 шешімі

Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақыларын белгілеу туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының 6 желтоқсандағы № 23/2 шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 4-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім қабылданған сәттен бастап қолданысқа енгізіледі және 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Жамбыл ауданы мәслихатының төрайымы

Л. Топорова

Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2025 жылғы 6 қарашадағы
№ 33/3 шешіміне
қосымша
Солтүстік Қазақстан облысы
Жамбыл ауданы мәслихатының
2024 жылғы 6 желтоқсандағы
№ 23/2 шешіміне
4-қосымша

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын келесі ұйымдардың D, C-2, C-3 блогына (қосалқы персонал) жататын жұмыскерлердің және жұмысшылардың (біліктілік разряды) лауазымдық айлықақыларына ынталандыру үстемеақылар:

1) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы мәслихатының аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

3) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

4) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

5) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

6) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

7) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

8) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылық, кәсіпкерлік және ветеринария бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9) "Солтүстік Қазақстан облысы Жамбыл ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

№ р/н	Лауазымдардың толық жазылуы (атауы)	Лауазымдық айлықақыға үстемеақы
1	2	3
1.	Жүргізуші	50%
2.	Архивариус	30%
3.	Аула сыпырушы	30%
4.	Аударма жөніндегі редактор	30%
5.	Басшының хатшысы	30%
6.	Статистик	30%
7.	Әдіскер	30%
8.	Күзетші	30%
9.	Қызметтік орын жайларды тазалаушы	30%
10.	Көшіру-көбейту машиналары операторы	30%
11.	Қоймашы	30%
12.	Компьютерлік техника (бағдарламалар) операторы	30%
13.	Комендант	30%
14.	Қазандық машинисі (кочегар)	30%